

Бекітемін:
«Балауса» МДҰ
бағабакшасының
менгерушісі М.У.а
Толғуова А.М.



2022-2023 оқу жылғының Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Перспективалық жоспары
«Колокольчик» ересек тобы**

Қазақ тілі маманы: Қалтихан А.Т

**2022 - 2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕРЕСЕК ТОБЫНА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰІӨ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Қыркүйек айы. 2022ж		
Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Күз мезгілі туралы сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жалпы белгілері бойынша жіктелуіне қарай қолдануға үйрету. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.	01.09-22.09.2022 ж	0,5
Қазан айы. 2022ж		
Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.	06.10-27.10.2022 ж	0,5
Қараша айы. 2022ж		
Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).	03.11-24.11.2022 ж	0,5
Желтоқсан айы. 2022 ж		
Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.	01.12-22.12.2022 ж	0,5
Қаңтар айы. 2023 ж		
Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шәбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.	05.01-26.01.2023 ж	0,5

Ақпан айы. 2023 ж

Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.	02.02-23.02.2023 ж	0,5

Наурыз айы. 2023 ж

Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	02.03-23.03.2023 ж	0,5

Сәуір айы. 2023 ж

Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.	06.04-27.04.2023 ж	0,5

Мамыр айы. 2023 ж

Міндеті	Мерзімі	Сағат саны
Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.	04.05-25.05.2023 ж	0,5